

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

2025–2026 оқу жылынан бастап бұл бағдарлама «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы (ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123) (бұдан әрі – Бағдарлама) деп аталатын болады. Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады.

Бағдарлама мақсаты – «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру. Жаңа оқу жылында негізгі 6 құндылық бойынша тәрбие бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табады: тәуелсіздік және отаншылдық; бірлік және ынтымақ; әділдік және жауапкершілік; заң және тәртіп; еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; жасампаздық және жаңашылдық. Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
 - отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
 - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
 - адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
 - табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
 - елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
 - отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
 - өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
 - әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
 - басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
 - өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
 - еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
 - біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**
 - әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
 - білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.
- **Бағдарлама мазмұны:**
 - Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары

мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

● **Жүзеге асырылуға ұсынылған жобалар:**

- «**Қамқор**» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «**Еңбегі адал – жас өрен**» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «**Шабыт**» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «**Ұшқыр ой алаңы**» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «**Smart bala**» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «**Балалар кітапханасы**» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

● **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жанашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;

жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

• Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

• **«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

• **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.

• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

«ДОСБОЛІКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНДІРУ ТУРАЛЫ:

Жобаның мақсаты: Қазақстан Республикасындағы орта білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алуға бағытталған кешенді жүйені іске асыру.

Іске асырудың негізгі қадамдары:

1. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.
2. Мектептік буллингке қарсы команда құру.
3. Қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау (*мүмкін болған жағдайда*).
4. Педагогикалық ұжымға түсіндіру семинарларын өткізу.
5. Іс-шараларды тәрбие жұмысы жоспарына енгізу.
6. Әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау жұмысын жүргізу.
7. Мамандардың біліктілігін арттыру.
8. Қызметкерлерге әрекет ету алгоритмдері жөнінде нұсқаулық беру.
9. Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және эмоциялық интеллектін қалыптастыру.
10. ППҚО-да ата-аналарға арналған сабақтар өткізу.
11. Әлеуметтік ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу.
12. <https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/main> цифрлық ресурстарды пайдалану

3- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары				
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы • 1 қыркүйек – «Білім күні» • 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні • Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні • Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні • Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
I тоқсан 1-апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев) 02-05.09.2025ж. 2-апта дәйексөзі: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!» 08-12.09.2025ж.				
№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	«Мен және менің отбасым» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері». / «Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері.ЖЖЕ №1	Сынып сағаты <i>(видеоролик жасау)</i>	Сынып жетекшісі	08.09.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай) 15-19.09.2025ж.				
2.	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады?»	Сынып сағаты видеоролик	Сынып жетекшісі	15.09.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы».(Абай) 22-26.09.25ж.				
3	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Еңбек түбі - береке» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Не жөнінде үндемей қалуға және ата – аналардан жасыруға болмайды?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.09.2025ж.
1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» 29.09-03.10.25ж.				
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні				

25 қазан – Республика күні				
4	1 қазан – Халықаралық қарттар күні «Қарияларға құрмет — ұрпақ парызы» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Өзіңді қорғауды қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	29.09.2025ж.
2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» <u>06-10.10.25ж.</u>				
5	«Ұстаз – білімнің шамшырағы» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Бейтаныс адамның алдауына қалай түспеуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.10.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!» <u>13-17.10.25ж.</u>				
6	«Smart bala» жобасы «Интернеттегі ізеттілік пен қауіпсіздік» <i>Қауіпсіздік сабағы(10 минут)</i> «Виртуалды достық: онлайн танысу неліктен қауіпті?»/ «Жүргіншілер өтпелері» ЖЖЕ №2	Челлендж	Сынып жетекшісі	13.10.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!» <u>20-24.10.25ж.</u>				
7	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Қазақстан – ортақ үйіміз» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Күдікті заттар табылған кездегі қарапайым әрекеттер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.10.2025ж.
КҮЗГІ ДЕМАЛЫС <u>27.10-31.10.25ж.</u>				
II тоқсан Қараша – әділдік және жауапкершілік айы 15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
1-апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!» <u>03-07.11.25ж.</u>				
8	«Оян, ар мен адалдық!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Ата-аналардың бақылауы» бағдарламасы – бала үшін артықшылығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.11.2025ж.
2-апта дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!» <u>10-14.11.25ж.</u>				

9	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық валюта-теңге» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Әлеуметтік желдегі қауіпті ойындар»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.11.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі» 17-21.11.25ж.				
10	«ДОСБОЛЛІКЕ «Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Табиғат аясындағы қауіпсіз мінез-құлық қағидалары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.11.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» 24-28.11.25ж.				
11	«Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.11.2025ж.
Желтоқсан – Бірлік және ынтымақ айы 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады» 01-05.12.25ж.				
12	Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады?»	Сынып сағаты Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшісі	01.12.2025ж.
2-апта дәйексөзі: « Ұнтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» 08-12.12.25ж.				
13	«Әдептілік — тәртіптің белгісі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Не жөнінде үндемей қалуға және ата – аналардан жасыруға болмайды?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.12.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас» 15-19.12.25ж.				
14	«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Өзінді қорғауды қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.12.2025ж.

4-апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған» 22-26.12.25ж.				
15	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы» «Жаңа жылдық тарту» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Бейтаныс адамның алдауына қалай түспеуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.12.2025ж.
ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС 29.12-7.01.2026				
III тоқсан Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1 қаңтар – Жаңа жыл				
2-апта дәйексөзі : «Талап бар жерде, тәртіп бар» 12-16.01.26ж.				
16	«Адал болу – арлы болу» <i>(сыбайлас жемқорлықтың алдын алу) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Виртуалды достық: онлайн танысу неліктен қауіпті?» / «Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек» ЖЖЕ№3	Сынып сағаты <i>(адалдық сағаты)</i>	Сынып жетекшісі	12.01.2026ж.
3-апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбие бастауы» 19-23.01.26ж.				
17	«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Күдікті заттар табылған кездегі қарапайым әрекеттер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.01.2026ж.
4-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол» 26-30.01.26ж.				
18	«ДОСБОЛЛИКЕ «Жақсы мен жаманды ажырат»» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> «Ата-аналардың бақылауы» бағдарламасы – бала үшін артықшылығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.01.2026ж.
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1-апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге» 02-06.02.26ж.				
19	«Smart bala» жобасы «4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.02.2026ж.

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Әлеуметтік желдегі қауіпті ойындар»			
2-апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала – ойлы бала» 09-13.02.26ж.				
20	Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Табиғат аясындағы қауіпсіз мінез-құлық қағидалары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.02.2026ж.
3-апта дәйексөзі: «Өнерлі бала - өрге жүзер» 16-20.02.26ж.				
21	« Шабыт » жобасы « Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет » Қауіпсіздік сабағы (10 минут)«Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.02.2026ж.
4-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – заман талабы» 23-27.02.26ж.				
22	« Жаңалыққа ашық бол! » Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.02.2026ж.
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...» (Б.Момышұлы) 02-06.03.26ж.				
23	« Рақмет айту — ізеттілік белгісі » Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Не жөнінде үндемей қалуға және ата – аналардан жасыруға болмайды?» / Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы. «Ананың аялы алақаны» челленджі Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Өзіңді қорғауды қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты, челлендж	Сынып жетекшісі	02.03.2026ж.
2-апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» 10-13.03.25ж.				
3-апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» 16-20.03.26ж.				
24	« Наурыз – жыл басы » Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.03.2026ж.

	«Бейтаныс адамның алдауына қалай түспеуге болады?» / «Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек»? ЖЖЕН№4			
КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫС 19-29.03.25ж.				
IV тоқсан Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең» 30.03-03.04.26ж.				
25	«Балалар кітапханасы» жобасы «Кітап -сарқылмас бұлақ» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Виртуалды достық: онлайн танысу неліктен қауіпті?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.03.2026ж.
2-апта дәйексөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай) 06-10.04.26ж.				
26	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні «Өмірге салауатты қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Күдікті заттар табылған кездегі қарапайым әрекеттер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.04.2026ж.
3-апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи) 13-17.04.26ж.				
27	«ДОСБОЛЛИКЕ «Бірге ойна, ренжітпе!» (Буллингтің алдын алу) Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Ата-аналардың бақылауы» бағдарламасы –бала үшін артықшылығы» / «Сен -велосипедшісің»ЖЖЕ №5	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.04.2026ж.
4-апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар» 20-24.04.26ж.				
28	«Бүгінгі еңбек – ертеңгі жетістік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Әлеуметтік желдегі қауіпті ойындар»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.04.2026ж.
5-апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» 27-30.04.2026ж.				
29	«Бірлік бар жерде – тірлік бар»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.04.2026ж.

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Табиғат аясындағы қауіпсіз мінез-құлық қағидалары»			
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ» 04-08.05.26ж.				
30	«Мен – Отанымның патриотымын» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.05.2026ж.
2-апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ» 11-15.05.26ж.				
31	«Отбасы құндылығы-отбасы жылуы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.05.2026ж.
3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би) 18-22.05.26ж.				
32	«ДОСБОЛЛИКЕ «Мен - мейірімді доспын» (буллинг) Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Не жөнінде үндемей қалуға және ата – аналардан жасыруға болмайды?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.05.2026ж.
4-апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/				
33	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Өзіңді қорғауды қалай үйренуге болады?» / «Көше жүргізушілердің көзімен» ЖЖЕ №6	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	25.05.2026ж.

Сынып жетекшіі:

Г.Т. Құрманбай